

Сотталғандарды медициналық куәландырудың және ауруына байланысты жазасын өтеуден босатуға ұсынудың Нұсқауын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 152 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 15 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1756. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы N 145 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2009.11.18 N 145 бұйрығымен.

"КЕЛІСІЛДІ"

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

Б А С П Р О К У Р О Р Ы

2002 ж. 4 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ЖОҒАРҒЫ СОТТЫҢ ТӨРАҒАСЫ

2001 ж. 28 қаңтар

" К Е Л І С І Л Д І "

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІ

2001 ж. 25 қыркүйек

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 73-бабына, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 168, 169-баптарына сәйкес, сотталғандарды ауруына байланысты жазасын өтеуден босатуға ұсынуды ретке келтіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған :

1) сотталғандарды медициналық куәландырудың және ауруына байланысты жазасын өтеуден босатуға ұсынудың Нұсқауы;

2) ***алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2007.11.28. N 320 Бұйрығымен .***

3) арнайы медициналық комиссияның медициналық құжаттамасының н ы с а н д а р ы :

Арнайы медициналық комиссияның сотталған адамды Медициналық куәландыруының қорытындысы ;

Арнайы медициналық комиссия куәландырған Сотталғандарды есепке алу журналы бекітілсін .

2. Бұйрық 2002 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енеді.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасына жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Әділет Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т

М и н и с т р і н і ң

2001

жылғы

11

желтоқсандағы

N

152

б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

Сотталғандарды медициналық куәландырудың және оларды ауруына байланысты жазасын өтеуден босатуға ұсынудың НҰСҚАУЫ

1. Жалпы ережелер

1. Ауруына байланысты жазасын өтеуден босатуға ұсынылатын сотталғандарды медициналық куәландыру сотталғандарды медициналық камтамасыз етуді жақсарту мақсатында жүзеге асырылатын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес ұйымдастыру және практикалық іс-шаралардың кешенін құрайды.

2. Осы нұсқау органдардың құрылу тәртібін, міндеттерін, құрамын, құқықтары мен міндеттемелерін, ауруына байланысты жазасын өтеуден босатуға ұсынылатын сотталғандарды медициналық куәландыруды, оны өткізуді ұйымдастыруды анықтайды.

3. Ауруына байланысты жазасын өтеуден босатуға ұсынылатын сотталғандарды медициналық куәландыру органдарының бір ғана міндеті түзеу мекемесінің басшылығы ұсынған сотталғандарды ауруына байланысты жазасын өтеуден босатуға ұсынуға негіз болатын аурулар мен психикалық ауытқуларының бар-жоғын куәландыру болып табылады.

4. Ауруына байланысты жазасын өтеуден босатылуға ұсынылатын сотталғандарды медициналық куәландыру міндеттерін шешу үшін облыстардағы Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің медициналық қызметтерінде ауруына байланысты жазасын өтеуден босатуға ұсынылатын сотталғандарды куәландыру жөніндегі Арнайы медициналық комиссиялар (бұдан әрі - АМК) құрылады.

АМК құрамын ҚАЖ комитеті басқармаларының бастықтары бекітеді. АМК төрағадан - медициналық басқарма (бөлім, қызмет) бастығынан және емдеу саласының екі дәрігері - комиссия мүшелерінен тұрады. Қажет болған жағдайда комиссия құрамы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ҚАЖ комитеті денсаулық сақтау емдеу саласының дәрігерлерін тарту есебінен кеңейтілуі мүмкін.

5. АМК өз жұмысында Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін , Қылмыстық-атқару кодексін , осы Ережені және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

6. АМК-ның ісі осы Ережемен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

7. Сотталғандарды медициналық куәландырудың АМК қорытындысының негізділігіне талдауды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ҚАЖ комитетінің Сотталғандарды медициналық қамтамасыз ету басқармасына жүктеледі.

2. Ауруына байланысты жазасын өтеуден босатуға ұсынылатын сотталғандарды медициналық куәландыру

8. Психикалық ауытқулары бар сотталғандардың іс жүзіндегі мінез-құлқының мүмкіндіктері мен өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіптілігін не оларға басшылық жасаудан айыратын психикалық ауытқулары бар сотталғандар жасаған қылмысының сипаты мен ауырлығына, тағайындалған және өтелген жаза мерзіміне, жазасын өтеу кезіндегі мінез-құлқына және басқа жағдайларға қарамастан, босатуға жатады. Сонымен бірге сот босату туралы қаулы шығара отырып, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 90-бабымен көзделген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың қажеттілігі туралы мә с е л е н і ш е ш е д і .

Жазасын өтеуден өзге ауыр науқаспен ауыратын адамдарды босату туралы мәселені шешу кезіндегі кедергілік, сот жасалған қылмыстың ауырлығын, сотталғанның жеке басының ерекшелігін және басқа жағдайларды ескереді. Осылайша сот сотталғанды босату туралы шешім қабылдауы мүмкін, не қандай мөлшерде сырқат жазасынан өтеуден босату туралы жағдайын ескеріп, жазасын өтеуден босатуға бас тартуы да көрсетіледі.

9. Ауруына байланысты сотталғандарды жазасын өтеуден босатуға ұсыну үшін негіз болатын аурулар Тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен келісілген және осы бұйрықпен бекітілген сотталған Тізбеде көрсетілген және ауруына байланысты босату үшін негіз болатын аурумен ауырады деуге негіз бар болса, жазаны атқарушы түзеу мекемесінің немесе басқа органның бастығы медициналық бөлім Дәрігерлік-бақылау комиссиясының (бұдан әрі - ДБК) немесе сотталған жазасын өтеп жатқан сол колонияның немесе органның өзге емдеу-профилактикалық мекемесінің шешімі бойынша оны АМК-ға куәландыруға жібереді.

Егер аурудың түрі Тізбеге енгізілген болса, тұлға жазасын өтеп жүрген мекеменің бастығына жіберілетін қорытынды жасалады. Психикалық ауытқулары бар тұлғаларға қатысты қорытынды Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 90-бабының тармақтарына сәйкес медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын тағайындау қажеттігі мен оның түрі көрсетіледі.

10. Ауруына байланысты тұлғаны босату туралы мәселені қою үшін сотқа ұсынымхат, Қорытынды, мінездеме және жеке ісі жіберіледі, материал қаралып болған соң осы сотталғанға қатысты жазаны атқарушы түзеу мекемесіне немесе о р г а н ғ а қ а й т а р ы л а д ы .

Ұсынымхатта сотталғанның деректері туралы, оның қылмыстық ісінің ауырлығы туралы, оның тұлғалығы туралы, ол азаптанған ауыруының мінезін, жазасын өтеу кезіндегі мінез-құлқы туралы көрсетіледі.

11. АМК медициналық куәландыруына жазасын өтеу кезеңінде келген ауырған, сондай-ақ қылмыстық іс жасағаннан кейін болған аурулары өршудің нәтижесінде Тізімде көрсетілгендей сипат алған және егер стационарлық емдеу дұрыс нәтиже бермесе.

12. Сотталғанда Тізбеде қарастырылған ауруларының бары туралы қорытынды жасалған емдердің нәтижесіздігін және қорытынды диагнозды есепке ала отырып, куәландыратын ауруды мұқият динамикалық медициналық тексерулер болған кезде жазаны атқарушы түзеу мекемесінің немесе орган бастығының ұсынысы бойынша АМК береді.

13. Психикалық ауытқулары бар, сотталғандарды АМК-ның медициналық куәландыруы тек мамандандырылған (салалық) мекемелерде жүргізіледі.

Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы N 165 бұйрығымен .

14. АМК қорытындысы үш данада ресімделеді: бірінші сотқа жіберіледі, екіншісі аурудың тарихына қосылады, үшіншісі облыстардағы ҚАЖ комитетінің медициналық қызметіне қосылады.

15. Қызметтік тексеру арқылы жазасын өткеру уақытында өзіне қасақана зиян келтірудің нәтижесінде ауырған сотталғандар ауруы бойынша жазасын өтеуден босатуға ұсынылмайды, тек өзіне зиян келтіру сәтінде адам қатты психикалық ауытқу жағдайында болғанда ғана. Болған оқиға дәрігерлік-мамандар комиссиясымен анықталуға тиіс.

16. Сотта ауруына байланысты сотталғанды жазасын өткеруден босату туралы материалы қаралған кезде прокурордың қатысуы және АМК өкілінің немесе емдейтін дәрігерінің болуы міндетті.

17. Ауруына байланысты жазасын өткеруден босатудан сот бас тартқан сотталғандардың денсаулық жағдайы нашарлаған кезде, жазасын өтеу кедергі материалдары бас тарту туралы сот анықтауының шыққан күніне қарамастан сотқа екінші рет жіберіледі.

18. Сотқа материалдарының ұсынылған-ұсынылмағанына қарамастан АМК куәландырған сотталғандарды есепке алу Ауруына байланысты жазасын

өткеруден босатуға ұсынылған сотталғандарды Есепке алу журналында жүргізіледі, ол ҚАЖ комитетінің басқармаларында медициналық қызметімен жүргізіледі.

19. Ауруына байланысты жазасын өткеруден сот босатқан ауру сотталғандарға стационарлық көмек керегінде, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес аумақтық денсаулық сақтау органдарына госпитальға жатқызылады.

20. Ауруына байланысты жазасын өткеруден босатуға сотталғандарды сотқа ұсынудың (не ұсынбауы) заңдылығын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас прокуроры мен оған бағынышты прокурорлармен жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т М и н и с т р і н і ң

2001 жылғы 11 желтоқсандағы

N 152 б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

**Сотталғандарды ауруына байланысты жазасын
өтеуден босатуға ұсыну үшін негіз болып
табылатын аурулардың
ТІЗБЕСІ**

*Ескерту. Ауырулардың Тізбесі алынып тасталды - Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің 2007.11.28. N 320 Бұйрығымен.*

Қазақстан Республикасы

Әділет Министрі

2001 жылғы 11 желтоқсан

N 152 бұйрығымен

бекітілген

мекеменің мөртабаны

**АРНАЙЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Сотталған _____
(Тегі, аты, әкесінің аты)

Туған жылы мен жері _____

Кім және қашан соттаған _____

ҚР ҚК бабы _____ Мерзімі _____

Мерзімнің басталуы _____ Мерзімнің аяқталуы _____

N _____ жеке ісі

I. ШАҒЫМДАРЫ

II. ӨМІР АНАМНЕЗІ

III. АУРУ АНАМНЕЗІ

IV. ОБЪЕКТИВТІК ДӘРЕЖЕСІ

(Антропометриялық деректері)

1) Тері қабаты, көрінетін шырышты қабаттар, тері асты-май өзегі

2) Тірек-қозғалыс жүйесі

3) Тыныс алу органдары

4) Жүрек-тамыр жүйесі

5) Ас қорыту жүйесі

6) Несеп жүйесі

7) Неврологиялық дәрежесі*

8) Психикалық дәрежесі**

Мамандардың кеңесі, лабораториялық, рентгенологиялық және басқа зерттеулердің деректері (динамикада)

Қорытынды диагноз:

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2001 жылғы "___" _____ N _____ бұйрығымен бекітілген Сотталғандары ауруына байланысты жазасын өтеуден босатуға ұсыну үшін негіз болып табылатын аурулар тізбесі _____ тармағының _____ тармақшасына сәйкес сотталған _____ ауруына байланысты жазасын _____ (тегі, аты, әкесінің аты) өткеруден босатуға ұсынылады.

** Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 73 және 90-баптарына сәйкес күшейтілген қадағалаудағы мамандандырылған типтегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу түріндегі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралын тағайындауға жатады.

*** М.О.

Комиссия төрағасы

Датасы

Комиссия мүшелері:

Е с к е р т у :

* неврологиялық аурулар үшін

** психикалық ауытқулары бар аурулар үшін

*** Медициналық басқарманың, бөлімнің, қызметтің нөмірі

Қазақстан Республикасы
Әділет Министрінің
2001 жылғы 11 желтоқсандағы

бекітілген

**АРНАЙЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОМИССИЯ КУӘЛАНДЫРҒАН
СОТТАЛҒАНДАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ
ЖУРНАЛЫ**

N N	Тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы	Меке. ме	Меке. меге келген датасы	Госпи. тальға жатқы. зылған датасы	А М К куәлан. дырған датасы	А М К қоры. тынды-сы, диаг- нозы	Сотқа ұсы. ныл. ған дата-сы	Соттың шешімі, датасы	*Қайда жібе. рілді
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

** Ескерту:* 10-графада аурудың қайда жіберілгені көрсетіледі: аумақтық денсаулық сақтау органдарына госпитальға жатқызылды, туысқандары алып кетті және т.б.